

САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Қазақ тілі (орыс сыныптары үшін)
Мұғалім	Тасқынбаева Қарлығаш Оралқызы
Мектеп, сынып	Шымкент қаласы, ХББ НЗМ, 7-сынып
Сабақ тақырыбы	Киім – адам көркі



www.bilimland.kz

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Жазылым дағдысы Ж4. Мәліметтерді жинақтау
Сабақтың мақсаттары	Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау
Күтілетін нәтиже	<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқушылар көрген бейнематериалдары бойынша мәлімет жинақтап, нәтиже шығара алады; 2. Өз ойларын еркін жеткізе алады.
Тілдік мақсаттар	Тіл мәдениетін дамытады
Пәнаралық байланыс	Өнер
Осыған дейін меңгерілген білім	Әр елдің ұлттық киімдері турлы ақпарат

Сабақ барысы

Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер (төменде келтірілген жазбаларды жоспарланған әрекеттермен алмастырыңыз).	Дереккөздер
Сабақтың басы 2 мин 5-6 мин	<p>Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Назарларын сабаққа аудару.</p> <p>Үй тапсырмасын еске түсіру.</p> <p>Оқушылар өздері тауып келген қазақтың ұлттық киімдерінің ерекшелігімен ой бөліседі. Мысалы,</p>	Мұғалім нұсқаулығы



Сәукеле – қыздардың ұзату тойында киетін сәнді, әшекейлі бас киімі.



Корей қалыңдығының ұлттық киімі



Грек әйелдерінің ұлттық киімі

Сабақтың ортасы
5-6 мин

Топтық жұмыс
10 мин

Оқушыларды алдын ала партаның астына жапсырылған үш түрлі стикердің көмегімен 3 топқа бөлеміз. Топтарға **BilimLand.kz** порталынан «Киімді қайдан аламыз?» бейнебаяны көрсетіледі.

Тапсырма №1.

Топтар берілген сұрақтар бойынша мәліметтерді жинақтап, сызба-кесте жасаулары керек.

Үлгі:



6 мин

1-топ. Зығыр мен мақтадан жіп қалай алынады және олардан қандай киімдер тігуге болады?

2-топ. Жан-жануарлардан жіп қалай алынады, сондай-ақ, олардан қандай киімдердің түрлерін тоқуға болады?



<http://bilimland.kz/kk#lesson=12003>

«Танымдық фильмдер» бөлімі

А3 қағазы, түрлі-түсті маркерлер, өшіргіш, сызғыш, қалам, желім, стикер

Жұптық жұмыс
5 мин

3-топ. Синтетикалық жіптер неден және қалай алынады? Синтетикалық матаның басқа маталарға қарағанда сапасы қандай?

Постер «Диірмен» әдісімен бағаланады, яғни постерлерді бір топтан екінші топқа ауыстырып, оларға стикермен кері байланыс береді.

Тапсырма №2.

Алдыңғы жұмыстың жалғасы. Оқушылар лентаның көмегімен жұпқа бөлінеді.

Мұғалім ұзын бірнеше лентаның ортасынан ұстап, ұшын оқушыларға алуын сұрайды. Бір жіптің екі ұшын ұстаған оқушылар жұптасады.

Жұптарға ортақ сұрақ қойылады:

1. Осы маталардың қайсысы адамға пайдалырақ және неліктен?



Дайын жұптар өз ойларын ортаға салады.

Сабақтың соңы
5 мин

Кері байланыс:

1. Сабақ үшін рахмет айтқың келе ме? Неліктен?

Үйге тапсырма: Мектеп формасының қандай болғанын қалайсың? Үлгісін жасап кел.